«Келісемін»
Абай облысының ішкі саясат басқармасының басшысы
_____ Ж. Жұмаділов
_____ 2026 жыл

«Бекітемін»
Абай облысы «Қоғамдық келісім орталығы» КММ директоры
_____ Н. Шарова
_____ 2026 жыл

III Облыстық «Мың бала» мәдени-ағартушылық байқауын ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі ұйымдастыратын «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының (бұдан әрі – Жоба) Абай облысындағы өңірлік іріктеу кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Жобаның өңірлік кезеңін ұйымдастырудың мақсаты – Абай облысынан республикалық кезеңге қатысатын үздік шығармашылық қабілетті балалар мен жастарды анықтау және қолдау.

1.3. Жобаның құрылтайшысы Абай облысының ішкі саясат басқармасы, *(әрі қарай-Басқарма)*,жобаны ұйымдастыру және өткізуге жауапты «Қоғамдық келісім орталығы» КММ болып табылады.

II. БАЙҚАУДЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру туралы бастамасын ілгерілету, жастарды дәстүрлі ұлттық құндылықтарды сақтау және дәріптеу процесіне белсенді тарту, мемлекеттік тілді, қазақстандықтардың креативті және шығармашылық әлеуетін дамыту.

2.2. Жастарды мемлекеттік тілді меңгеруге және оны күнделікті өмірде этносаралық қатынас тілі ретінде қолдануға ынталандыру;

2.3. Қазақ халқының тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дәріптеу арқылы жастардың бойында толерантты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

2.4. Мемлекеттік тілді меңгерген жастардың жетістіктерін дәріптеу арқылы этносаралық қатынастар саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына тарту.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқаудың іріктеу кезеңі онлайн форматта 2026 жылдың тамыз-қыркүйек айлары аралығында өтеді.

3.2. Қорытынды және марапаттау кезеңі 2026 жылдың қыркүйек айында Семей қаласында офлайн форматта ұйымдастырылады.

3.3. Байқауға қатысуға өтінімдер 2026 жылдың 10 қыркүйегіне дейін қабылданады.

3.4. Байқауға қатысу үшін қатысушылар осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес электронды поштаға dom.druzhba@mail.ru келесі құжаттар мен өтінім ұсынады.

3.5. Анықтамалар үшін телефон: +7 771 436 46 82 – Ерсінбек Өрлеубек

IV БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ

4.1. Байқауға Абай облысына қарасты қалалар мен аудандардағы мектеп оқушылары мен колледждердің 1–2 курс студенттері арасынан мемлекеттік тілді меңгерген әртүрлі этнос өкілдері қатыса алады.

4.2. Байқау 2 номинациядан тұрады:

- **әлеуметтік желілердегі мәнерлеп оқу байқауы (онлайн форматта):** Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай ақынның шығармаларын мәнерлеп оқу/айту;

Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, сапалы дыбыс пен бейнетаспаға түсірілген бейнематериалды ұйымдастырушыларға жолдау қажет. Бейнематериал Қоғамдық келісім орталығының әлеуметтік желілерінде (Instagram) жарияланады.

Ең көп лайк жинаған қатысушы жеңімпаз болады.

- **«Бірлікке ұн қосқан» музыкалық номинациясы:** Қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі, ұлттық және классикалық шығармаларын *(вокал)*, сондай-ақ авторлық немесе өзге де туындыларды қазақтың ұлттық аспаптарында орындай алады.

Сапалы дыбыс пен бейнетаспаға түсірілген бейнематериалдар ұйымдастырушыларға жіберіледі.

V БАЙҚАУДЫ БАҒАЛАУ

5.1. Ұйымдастырушылар бекіткен қазылар алқасы байқауға қатысушылардың өнерін бағалайды, қорытынды шығарады, республикалық кезеңге өткен жеңімпаздарды анықтайды.

5.2. Қазылар алқасы бағалауды келесі критерийлер бойынша жүзеге асырады:
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- шығарманы орындауда тілдің тазалығы;

- бейнероликтің сапасы, музыкалық және көркем мәдениеттің жалпы деңгейі;
- мәнерлеп оқу шеберлігі.

VI ЖҮЛДЕЛЕР МЕН МАРАПАТТАР

6.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды айқындайды.

6.2. Әр номинация бойынша 1,2,3 орындарды анықтайды.

6.3. Қазылар алқасы ГРАН-ПРИ жүлдесін табыстауды өзіне қадырады.

6.4. Жеңімпаздар дипломында жетекшінің Т.А.Ә. көрсетіледі.

6.5. Жеңімпаздар Семей қаласында қыркүйек айында өтетін қорытынды концертте өнер көрсетеді.

Управление образования области Абай\АТоимбаева А.Р.

Қосымша 1

III Облыстық «Мың бала» мәдени-ағартушылық байқауына қатысуға

ӨТІНІМ

Р/с	Қала/ аудан атауы	Қатысушының аты-жөні	Ұлты	Туған жылы, айы,күні	Номинация атауы	Жетекшінің Т.А.Ә.	Қатысушы мен жетекшінің байланыс нөмірі

Управление образования области Абай\АТоимбаева А.Р.